

Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты медициналық бұйымды ерекше сатып алуға қатысу үшін шақыру

«СҚ-Фармация» ЖШС (бұдан әрі - Бірыңғай дистрибьютор) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу Қағидасының (бұдан әрі – Қағида) 19-тарауына сәйкес, "Халықты мемлекеттік медициналық қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 182 қаулысының 1-тармағымен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 09 сәуірдегі № 01-1-12/656-И, 2020 жылғы 19 мамырдағы № ПР-11545 хаттары негізінде, Сіздерді осы шақырудың 1-қосымшасында көзделген медициналық бұйымды сатып алуға қатысуға шақырады.

Осыған байланысты, Ереженің 20/21-тармақтарында көзделген медициналық бұйымға қойылатын талаптарды растау үшін сізге Қағиданың 212, 214, 368, 372-тармақтарына сәйкес Бірыңғай дистрибьюторға мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1) осы шақырудың 1-қосымшасында көрсетілген көлемдерді растай отырып, медициналық бұйымды сатып алуға қатысуға келісімі бар өтінім-хат;

2) осы шақырудың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған және қол қойылған баға ұсынысы;

3) Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуге сәйкес ұсынылатын медициналық бұйымның сипаттамалары көрсетілген техникалық ерекшелік;

4) конверттерді ашу кезінде мемлекеттік тіркеуді растайтын сараптама ұйымының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған қолданыстағы құжаттың көшірмесі немесе Мемлекеттік тізілімнің ақпараттық ресурсынан үзінді көшірме не "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алынған Қазақстан Республикасының аумағында тауарды әкелуге және қолдануға уәкілетті органның рұқсаты немесе Қазақстан Республикасының аумағында тауарды әкелуге және қолдануға уәкілетті органның рұқсаты»;

Қазақстан Республикасының аумағында әкелінген және өндірілген медициналық бұйымдарға тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін әкелінгенін және мәлімделген көлемнің болуын растайтын құжаттар ұсынылады: медициналық бұйымдарды Қазақстан Республикасына әкелу (кедендік жүк декларациясының нотариалды куәландырылған көшірмесі, шақыру жарияланған күннен ерте емес қойма анықтамасы); отандық тауар өндірушінің өндіруі (шақыру жарияланған күннен ерте емес қойма анықтамасы); Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген тауарлардың қауіпсіздігі туралы қорытындының көшірмесі;

5) сатып алуға өтінім берілген медициналық бұйымды таңбалау, тұтыну қаптамасы және оны қолдану жөніндегі Нұсқаулық бойынша заңнама талаптарына және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкестігі туралы кепілдік хат;

б) Қағиданың 21 тармағы, 4) тармақшасы/ 20 тармақ 5) тармақшасының талабына сәйкес медициналық бұйымның жарамдылық мерзімі/жаңалығы туралы кепілдік хат.

Әлеуетті өнім берушілердің келіп түскен өтінімдері құжаттарды түпкілікті қабылдаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қаралатын болады, жеңімпаз ең төменгі баға негізінде анықталатын болады, қорытындылар хаттамасы Бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсында орналастырылатын болады.

Өтінім мен құжаттар **2020 жылғы 29 мамырда сағат 15.00-ден кешіктірілмей** бір данада комиссия хатшысының asatenova@sk-pharmacy.kz электрондық мекен-жайына бір хабарламамен ұсынылуы тиіс, қайталауымен мына мекен-жайға info@sk-pharmacy.kz. Туындаған мәселелер бойынша Сіз комиссияның хатшысына asatenova@sk-pharmacy.kz электрондық мекен-жай бойынша жүгіне аласыз.